

Хаттама

Мақпал НМ

№1

11.09.22

Қамқоршылық кеңестің кезекті отырысы

Қатысты:9

Қатыспады:

Күн тәртібі

1. Мектеп қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту. ҚК төрағасын, орынбасарын, хатшысын сайлау.\
2. Негізгі жұмыс бағыттарын анықтау, әдістемелік ұсыныстармен және білім беру жүйесінде қамқоршылық кеңестерді құру бойынша нормативтік құқықтық базаның өзгерістерімен танысу, мектеп Жарғысымен таныстыру.
3. 2022-2023 оқу жылына арналған ҚК жұмыс жоспарын бекіту. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібінің 1-ші мәселесі бойынша алғы сөзді мектеп директоры Ж.А.Тайшикова алды. Қамқоршылық кеңестің төрағасы Рахимжанов Б.Б. болатын, ол кісі төрағасы болып қайта калуына ұсыныс жасалды. Орынбасары Байғарин Ә.С. – кәсіпкер, хатшы-Құрмашова А.Ғ. сол қалпында қалды. Өзгеріс жоқ. Бәрі бір ауыздан қабылдады. ҚК мүшелері 9 адам, барлығы сол қалпында қалдырыды.


2. Негізгі жұмыс бағыттарын, әдістемелік ұсыныстармен, мектеп Жарғысымен мектеп директоры таныстырып, айтып өтті.

3. 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырылды. Өткізілетін іс-шаралар туралы айтылды. «Мектепке жол» акциясы бойынша 1-ші сыныпқа биылғы оқу жылында 6 бала қабыланды, оның 1-уі үйде оқытылады. Барлық оқушылардың оқу құралдары, киім-кешектері бар. Көмек қажет ететін балаларға «7 бала» оқу жылының басында Жаппай білім беру қорынан ақшадай көмек көрсетілді. 2022-2023 оқу жылында 1-ші сыныпқа 6 бала қабылданды, 1 оқушы денсаулығына байланысты үйде оқытылады.

Шешім: 1. Қамқоршылық кеңес төрағасы, орынбасары, хатшысы және мүшелері өз міндеттерінде қалдырылсын.

2. ҚК мүшелеріне әдістемелік көмек беру.

3. 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Жиналыс төрағасы:  Рахимжанов Б.Р.

Хатшы:  Құрмашова А.Ғ.

Хаттама

Мақпал НМ

№2

30.09.22

Қамқоршылық кеңестің кезекті отырысы

Қатысты:9

Қатыспады:

Күн тәртібі

1. Оқу үрдісінің сапасын жақсартуға көмек.
2. Мұғалімдер, қарттар күнін мерекелеуді ұйымдастаруға көмек.

Тыңдалды:


Күн тәртібі бойынша алғашқы сөзді мектеп директоры Ж.А.Тайшикова алды. Мектеп бойынша жалпы 47 оқушы бар екенін, оның ішінде 3 бала инклюзивті білім алатындығы туралы айтты. дайындық сыныбы биылғы оқу жылында жоқ. Жалпы мектеп бойынша үлгере алмайтын оқушы жоқ. Барлық сынып оқушылары мектепке дайын, оқулықтар жеткілікті екендігін баяндап өтті.


Оқушылардың білім сапасының жоғары деңгейде болуына қамқоршылық кеңес мүшелерінің де ықпалы керек екенін айтып өтті. Ата-аналармен байланысып, оқушыларды себепсіз сабақты босатпауына, үй тапсырмаларын күнделікті орындауын бақылап отыруына.

3. Қарттар күні мен мұғалімдер күні мектепте жылда аталып өтіледі, оқушылар тарапынан концерттік бағдарлама ұсынылады. Мұғалімдер шағын үстел жасап, ауылдың қарттарын, қарт ұстаздарды аранй шақырып, сый-сыяпат көрсететіндерін айтты. Қамқоршылық кеңестің төрағасы Рахимжанов Б.Б. өз тараптарынан көмек болса ұйымдастыра жататындарын баяндады.

Шешім:

1. Оқушылардың оқу үрдісінің сапасын жақсарту.
2. Қарттар, мұғалімдер күнін өз деңгейінде атап өту.

Жиналыс төрағасы:  Рахимжанов Б.Р.

Хатшы:  Құрмашова А.Ф.